



Қазақстан Республикасының қаржы нарығы
мен қаржы ұйымдарын реттеу және
қадағалау жөніндегі агенттігімен
келісілді

Төраға (Төрағаның Орынбасары)

«16» сентябрь 2009 жыл



«Казкоммерцбанк» акционерлік қоғамының Жарғысына
№ 3 өзгертулер мен толықтырулар



«Казкоммерцбанк» АҚ
акционерлерінің кезектен тыс
Жалпы жиналысы бекітті
03.12.08 жылғы Хаттама

Қазақстан Республикасы

2-жағын
қара

Қазақстан Республикасының 13.05.2003 жылғы № 415-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты «Казкоммерцбанк» АҚ (әрі қарай – «Банк») Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Жарғының 10 бабы мазмұны келесідей тармақтармен толықтырылсын:

«10.5.-1. Банктің ірі акционерінің Банк Акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы талабы Директорлар Кеңесіне Банктің Басқармасы орналасқан жерге сәйкесінше жазбаша хабарлама жіберу арқылы ұсынылады, онда келесілер көрсетілуі керек:

- осындай жиналыстың күн тәртібі;
- Банктің осындай жиналыстың шақырылуын талап еткен ірі акционерлерінің (ірі акционерінің) аттары (атаулары);
- Банктің оларға (оған) тиесілі қарапайым акцияларының саны, түрі көрсетілуі керек;
- Банк Акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізудің тәртібі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға қайшы келмейтін ұсыныстар.

Банк Акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы талапқа Банктің Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын талап еткен ірі акционері қол қояды және ірі акционердің мөрімен бекітіледі (заңды тұлғалар үшін қолданылады).

10.5.-2. Банктің Директорлар Кеңесінің Банк Акционерлерінің Банктің ірі акционерінің талабы бойынша шақырылатын кезектен тыс Жалпы жиналысының күн тәртібінің сұрақтарының тұжырымдамасына өзгертулер енгізуге құқығы жоқ, алайда күн тәртібін өзінің қалауы бойынша кез-келген сұрақтармен толықтыруға құқылы.

Банктің Директорлар Кеңесінің Банк Акционерлерінің Банктің ірі акционерінің талабы бойынша шақырылатын кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізудің ұсынылған тәртібін өзгертуге құқығы жоқ. Алайда, егер Банктің ірі акционері ұсынған Банк Акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізудің тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына не осы Жарғыға қайшы келетін болса, Банк Акционерлерінің Банктің ірі акционерінің талабы бойынша шақырылған кезектен тыс Жалпы жиналысы заңнама және осы Жарғы белгілеген тәртіпте өткізілуі керек.

10.5.-3. Банктің Директорлар Кеңесі Банктің ірі акционерінің Банк Акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы талабын алған күннен бастап он жұмыс күнінің ішінде шешім қабылдауға және осындай шешім қабылданған мезеттен бастап үш жұмыс күнінен кеш емес мерзімде талап қойған ірі акционерге қабылданған Банк Акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру әлде оны шақырудан бас тарту туралы шешім туралы хабарламаны жіберуге міндетті.

10.5.-4. Банктің Директорлар Кеңесі ірі акционерге Банк Акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырудан келесі жағдайларда бас тартуға құқылы:

- 1) осы Жарғы және Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген Банк Акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы талап қоюдың тәртібін сақтамау;
- 2) Банк Акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізу үшін ұсынылған сұрақтардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі».

2. Банктің Жарғысының 10.15. және 10.16 тармақтары келесі басылымда берілсін:

«10.15. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін Банктің Директорлар Кеңесі қалыптастырады және онда талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған

сұрақтардың толық тізімі болуы керек. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін:

- ірі акционер не Директорлар Кеңесі толықтыра алады, бірақ Банктің акционерлеріне мұндай толықтырулар туралы Акционерлердің Жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кеш емес мерзімде хабарлануы керек;

- егер енгізілуі үшін Банктің орналастырылған артықшылықты акцияларының жалпы санының (өтеп алынған акцияларды шегере отырып) үштен екісінен кем емес бөлігі дауыс берген болса, шешімі Банктің артықшылықты акцияларына иелік ететін акционерлердің құқықтарын шектеу алатын сұрақпен толықтырыла алады;

- егер өзгертулер және (не) толықтырулар үшін Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып отырған және жиынтығы Банктің дауыс беретін акцияларының тоқсан бес пайызынан кем емес бөлігіне иелік ететін акционерлердің (не олардың өкілдерінің) көпшілігі дауыс берген болса, өзгертіле және (не) толықтырыла алады.

Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысының күн тәртібі Акционерлердің орын алмаған Жалпы жиналысының күн тәртібінен өзгеше болмауы керек.

10.16. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту Банктің жиналыста болған дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік дауысымен іске асырылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасы қарастырған жағдайларды қоспағанда, Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция – бір дауыс» қағидасы бойынша іске асырылады.».

3. Банктің Жарғысының 11.4. тармағы келесі мазмұнда берілсін:

«11.4. Банктің Директорлар Кеңесінің мүшелерін Акционерлердің Жалпы жиналысы 5 (бес) адамнан кем емес және 7 (жеті) адамнан көп емес құрамда сайлайды және Акционерлердің Жалпы жиналысы Банктің Директорлар Кеңесінің бұрын сайланған мүшелерінің уәкілеттері осы Жарғы және Қазақстан Республикасының заңнамасы қарастырған тәртіпте мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда қайта сайлайды.».

4. Банктің Жарғысының 11 бабы мазмұны келесідей 11.21-1 тармақпен толықтырылсын:

«11.21.-1. Банктің Директорлар Кеңесінің мәжілісіне қатыспаған не Банктің Директорлар Кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Банктің Жарғысымен белгілеген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген мүшесі осындай шешімді сот тәртібімен даулауға құқылы.

Банктің акционері Директорлар Кеңесінің Қазақстан Республикасының заңнамасын және Банктің Жарғысының талаптарын бұза отырып қабылдаған шешімін, егер бұл шешім қоғамның және (немесе) акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын болса, сот тәртібімен даулауға құқылы.».

5. Банктің Жарғысының 13.2. тармағы келесі ережемен толықтырылсын:

«- сотта корпорациялық іс бойынша іс қозғау».

6. Банктің Жарғысының 13.3. тармағы келесі ережемен толықтырылсын:

«Сотта корпорациялық дау бойынша істің қозғалғаны туралы ақпаратты Банк Банктің акционерлерінің Банк корпорациялық дау бойынша азаматтық іс бойынша сәйкесінше сот хабарламасын (шақыру қағазын) алған күннен бастап жеті жұмыс күнінің ішінде береді.».

Банктің акционерлері үшін және атынан:

Жусупова Нина Ароновна

Жусупова Нина Ароновна



2-жағын
қара